

Мемлекет және қоғам қайраткері Ө. Жәнібековтің туғанына 94 жыл толуына орай «Өзбекәлі Жәнібеков және Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» атты іс-шара өтті.

Іс-шара барысында қонақтар университет ғимаратындағы ескерткіш тақтаға гүл шоқтарын қойып, медиаорталық әзірлеген «Ойтолғақ» деректі фильмін тамашалады. Сонымен қатар филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ергөбек аталмыш тақырып төңірегінде мазмұнды ой өрбітті. Бүгінде Өзбекәлі Жәнібеков орталығы тұлғаның мұраларын жинақтап, туыстарымен байланыс орнатып, еңбектерін насихаттаумен айналысып келеді. Сондай-ақ орталық дәстүрлі түрде Өзбекәлі Жәнібеков атындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мен жас ақындар айтысын ұйымдастырып келеді.

















